

АТА-АНАЛАРҒА ҮНДЕУ

Құрметті ата-аналар!

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия кәмелетке толмаған балалардың кешкі және түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз қоғамдық орындарда жүру фактілерінің жиілеп кетуіне алаңдаушылық білдіреді.

Ішкі істер министрлігінің ресми мәліметтері бойынша, ағымдағы жылдың 27-29 шілде күндері аралығында өткен «Түнгі қаладағы балалар» профилактикалық рейді шеңберінде 8 мыңға жуық әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Атап айтқанда:

- 705 ата-ана бала тәрбиесіне қатысты ата-аналық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылды;
- 176 ұсақ бұзақылық тіркелді;
- түнгі уақытта кәмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарында және көшеде болуына жол бергені үшін 6,8 мың ата-ана мен 170 кәсіпкерге шара қолданылды.

Бұл фактілер балаларға қатысты құқық бұзушылықтарға алып келуі мүмкін еді. Осыған байланысты полиция органдары тарапынан олардың алдын алуға бағытталған шаралар қабылданды.

Ата-аналар мен кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне үндеу тастаймыз: **балалардың қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлердің артуына байланысты, олардың қайда жүргенін бақылауға алып, жеке қадағалауды күшейтулеріңізді сұраймыз.**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, **кәмелетке толмағандардың сағат 22:00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілінің ілесуінсіз көшеде жүруіне тыйым салынады.** Бұл талаптың бұзылуы әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады және кейбір жағдайларда орны толмас қайғылы зардаптарға әкелуі мүмкін – баланың да, отбасының да тағдырына әсер етуі ықтимал.

Кешкі және түнгі уақытта көшеде жүрген балалар, әсіресе теріс пиғылды органның ықпалына түссе, мынадай қатерлерге тап болуы мүмкін: құқық бұзушылық, бейәлеуметтік топтарға тартылу, қайғылы оқиғалар және зорлық-зомбылық.

Сіздерден өтініш:

- балаңыздың қайда және кіммен жүргенін күнделікті біліп отырыңыздар;

- оның түнгі уақытта қараусыз көшеде жүруіне жол бермеңіздер;
- балаңызбен жеке қауіпсіздік, жауапкершілік және заңға құрмет туралы жиі сөйлесіп отырыңыздар.

Отбасы – тәрбиенің алғашқы және ең маңызды ошағы. Балалардың бойында тәртіптілік, әлеуметтік жауапкершілік пен құқықтық сана тек ата-аналардың белсенді қатысуымен қалыптасады.

Балалардың қауіпсіздігіне деген жауапкершілік – алдымен ересектердің міндеті.

Қоғам, мемлекет және отбасы бірлесе әрекет еткенде ғана біз Қазақстан балаларына қауіпсіз әрі жарқын болашақ қамтамасыз ете аламыз.

Құрметпен,

**А.Ғ. Балаева, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі
ұлттық комиссияның Төрағасы**